

ӘОЖ

GTAMP 11.25.91

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.61.3.005>

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ РӨЛІ

Жекенов Д.К.¹, *Мухаметжан А.Е.²

^{1,*2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қырғыз Республикасының сыртқы саясатында Қытай көршілес ел болумен қатар, маңызды саяси әрі экономикалық серіктес ретінде ерекше орын алады. Қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері Қырғызстан мен Қытай үшін сыртқы саясаттағы басты басымдықтардың бірі болып саналады. Қытайдың Жаңа Жібек жолын дамыту бастамасы Ресей, Қазақстан және Қырғызстанмен бірлесе әрекет етуде маңызды орын алады. «Ұлы Жібек жолының экономикалық белдеуі» стратегиясын іске асыру Қырғызстан үшін көлік тұрғысынан оқшауланудан шығуға, аймақтық әрі жаһандық нарықтарға тікелей жол ашуға және сауда көлемін едәуір ұлғайтуға жол ашады. Бұл елге энергетикалық ресурстар мен тауарларды тасымалдайтын ірі транзиттік хабқа айналу мүмкіндігін береді.

Қырғызстан мен Қытай бір-бірін өзара толықтыратын серіктестер ретінде ерекшеленеді: Қырғызстан Қытайға қажет көмір, темір, алтын, мыс және алюминий сияқты пайдалы қазбалармен қамтамасыз ете алады, бұл елдің тау-кен өнеркәсібіне ірі инвестициялар тартуға жол ашады. Ал Қытайдың жедел дамып жатқан өнеркәсіптік әлеуеті Қырғызстанның ауыл шаруашылығына негізделген экономикасына қажетті технологияларды ұсыну арқылы оның өнеркәсіптік дамуына серпін береді.

Бүгінгі күнге дейін екі елдің арасындағы орнатылған түрлі саладағы серіктестіктің даму бағытын, ынтымақтастықтың деңгейін бағалай отырып, сарапшылар болашаққа түрлі сараптама жасауда. Қытай тәрізді алып державамен қарым-қатынаста Қырғызстан көбірек тәуекелге баратыны анық. Дегенмен, дәл осы Қытай Қырғызстанның дамуының драйвері бола алуы әбден мүмкін.

Зерттеу барысында екі елдің қарым-қатынасының мүмкіндіктері ғана емес, сонымен қатар соңғы жылдардағы ресми статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, түрлі саладағы серіктестіктің қауіп-қатерлері де бағаланды.

Тірек сөздер: Қырғызстан, Қытай, сыртқы саясат, «Бір белдеу – бір жол» бастамасы, ШЫҰ, геосаяси қатынастар, экономикалық ынтымақтастық, аймақтық қауіпсіздік, халықаралық серіктестік

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде болып жатқан тұрақсыздық пен геосаяси шиеленістер жағдайында әр мемлекет өз бетінше дамуға, тәуелсіздігін сақтап қалуға және халықаралық қауымдастықта өз орнын нығайтуға ұмтылады. Осы орайда, аталған міндеттерді орындау үшін ең алдымен

көршілес мемлекеттермен, сонымен қатар ел үшін стратегиялық басым бағытты құрайтын мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастың мығым болуы маңызды екені анық.

Қырғыз Республикасы 2019 жылы наурызда елдің халықаралық саладағы геосаяси және геоэкономикалық ерекшелігін негізге ала отырып, елдің 2040-жылға дейінгі дамуының стратегиялық мақсаттарын айқындайтын жаңа сыртқы саясат тұжырымдамасын қабылдады. Аталған құжатқа сәйкес Қырғыз Республикасы өзінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету және қорғау үшін халықаралық жағдайды, әлемдегі өзгерістер мен тенденцияларды талдау мен болжау негізінде ел дамуының стратегиялық мақсаттарын басшылыққа ала отырып, өзінің сыртқы саяси бағытын құрады. [1]. Яғни, бұл қазіргі таңда елдің сыртқы саясатының бағытын айқындайтын негізгі құжат болып табылады.

Біз зерттеп отырған Орталық Азиялық мемлекет Қырғыз Республикасының сыртқы саясатында Қытай тек қана көршілес мемлекет емес, елдің ең ірі саяси және экономикалық серіктесі. Аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері Қырғызстан мен Қытайдың сыртқы саясатындағы басым бағыттары болып табылады. Екі елдің арасында ресми дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылдың қаңтар айында орнатылған және бүгінгі күнге дейін Қырғызстан мен Қытай арасында достық пен тату көршілік қатынастарды нығайту мақсатында 250-ден астам мемлекетаралық, үкіметаралық және өңіраралық шарттар мен келісімдер жасалған [2].

2023 жылы мамыр айында өткен «Орталық Азия-Қытай» саммитінде Қырғызстан президенті Садыр Жапаров екі ел арасындағы қазіргі қарым-қатынастар осы уақытқа дейінгі тарихтағы ең нәтижелі жағдайда екенін атап айтып, алдағы уақытта Бішкек Пекинмен саяси, экономикалық және сауда салаларындағы серіктестікті одан әрі тереңдетуге дайын екендігін білдірді [3]. 2025 жылдың 5 ақпан күні Садыр Жапаров ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен келіссөз жүргізді. Тараптар қырғыз-қытай қатынастары, тең құқықты ынтымақтастықты тереңдету және өзара мүдделі халықаралық және өңірлік мәселелер бойынша пікір алмасты. Сондай-ақ, жоғарыда атап өткен 2023 жылдың мамырында қол қойылған стратегиялық әріптестікті орнату туралы декларацияның нәтижесін жоғары бағалап, болашақтағы Қытай мен Қырғызстан арасындағы ынтымақтастықты тереңдету үшін ұстанымдарды қуаттады. Кездесу қорытындысы бойынша екі жақты стратегиялық әріптестікті нығайтуға негізделген 20-дан аса құжаттарға қол қойылды. Ауыл шаруашылығы, сауда және инфрақұрылымды дамыту салаларындағы перспективалық жобаларды жүзеге асыру басты назарға алынып, энергетика саласы бойынша инвестициялық келісім шарт жасалды [4].

Алдағы уақыттағы Қырғызстанның аймақтағы және әлемдік аренадағы әлеуетіне, экономикалық дамуына екі ел арасындағы қарым-қатынастың даму динамикасының көрсеткіштерінің негізгі әсер етуші факторы екенін ескерсек, бұл аталған тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Сонымен қатар,

Орталық Азия аймағы сауда ағындары тоғысқан Еуразияның географиялық жүрегі болып табылады. Ал Қырғызстан осы аймақтағы стратегиялық орны бар мемлекет, Қытайдың әрдайым жаңа сауда серіктестесін іздеу саясатына көз жүгіртсек, Орталық Азия елдерінің бірі ретінде Қырғыз Республикасына да ерекше көзқарас танытып отырғанын байқаймыз. Бұл көрініс екі тараптан да шынайы серіктестікке ұмтылыс бар екендігін көрсетеді және алдағы уақытта екі жақты қарым-қатынастың одан ары дамуының алғышарты болып табылады. Демек, бұл ынтымақтастық тіпті болашақтағы Қырғыз Республикасының экономикалық дамуының шешуші факторына, яғни драйверіне айналуы мүмкін. Қырғызстанның сыртқы саясатындағы Қытайдың рөлі, сонымен қатар елдің түрлі саласының дамуындағы белсенділігі Қырғызстанды неге алып келеді? Бұл «үйлесімді іс-әрекеттер» елдің экономикалық көкжиегін кеңейтіп, саяси-әлеуметтік және Қырғызстан үшін маңызды инфрақұрылымдық дамудың жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік беруі мүмкін. Алайда, Қытай өзінің «экономикалық ғажайыбымен» қаншалықты бөлісуге дайын екені белгісіз, бұл серіктестік қысқа мерзімде Қырғызстан үшін нәтижелі болып көрінгенмен, ұзақ мерзімде Қытайдың қарыз құрығына іліну қаупі бар екенін де ұмытпау керек.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі әлемдік сахнада Орталық Азия аймағына деген қызығушылық артуда, әсіресе Қытай аймақ елдерімен байланысын нығайтуға әрі тереңдетуге ниетті. Яғни, аймақтағы елдердің саяси және экономикалық дамуына, сонымен қатар бір-бірімен қарым-қатынасына Қытайдың аймақта жүргізетін саясатының ықпалы зор. Аймақ елдеріне қатысты Қытайдың қарым-қатынасына ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Біз қарастырып отырған Қырғыз Республикасы мен Қытай Халық Республикасының жылдар бойындағы серіктестігіне де әртүрлі баға береді. Қырғыз Республикасы Президентінің жанындағы Халықаралық стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Т. Тазабеков өз еңбегінде екі елдің «Ұлы Жібек Жолы» дипломатиясы шеңберіндегі экономикалық серіктестігінің 10-жылдық қорытындысын жасаған. Яғни, алғашқы 1992-2002 жылдар арасындағы уақыттағы көрсеткіштерге тоқталып, даму динамикасының оң екендігін тұжырымдайды. Қырғыз Республикасы мен Қытай арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың ең айқын мүмкіндіктері стратегиялық мүдделі салаларда. Қырғыз Республикасы үшін және жалпы Орталық Азия елдері үшін стратегиялық маңызы бар негізгі салалар ретінде сауда, энергетика және көлік-логистика саласын атап өткен [5].

Әрине, Қытай мен Қырғызстанның байланыстары екі жақты қарым-қатынасы орнаған сәттен бастап біркелкі дамыған жоқ. Қырғызстандық «Стратегиялық талдау және болжау институты» ғалымдары «Қырғызстанның сыртқы саясатындағы «Қытай факторы»: екі жақты және аймақтық деңгейлер» - атты ғылыми еңбек жариялаған. Аталған ғылыми еңбекте Қырғызстан және Қытай қарым-қатынасының 17-жылдық, яғни 1992-

2009 жылдардағы даму динамикасына талдау жүргізіп, негізгі мәселелерге тоқталған [6]. Екі елдің арасында қарым-қатынастың негізі болып табылатын шарттық-құқықтық база қалыптасқан, алғашқы жылдардағы ынтымақтастық саяси және қауіпсіздік саласын қамтыды. Қытаймен шекаралас аймақтарда тұрақтылықты сақтау үшін, әсіресе Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданымен этникалық, діни және тілдік жақындық жағдайында тату көршілік орнату маңызды бағыт ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, терроризмге, сепаратизмге және шекаралық қылмысқа қарсы тұру Қытайды әрқашан ерекше алаңдататын мәселе. Осы себепті екі ел үшін аталған бағыт екіжақты және көпжақты форматтағы ынтымақтастықтың перспективалы бағыты ретінде айқындалды.

Өзбекстандық сарапшылар Ш.Алимбеков, У. Сиддиков, Э.Арипов, Ф.Ирназаров Қытайдың Орталық Азиядағы саясаты туралы, әсіресе қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржол жобасы туралы түрлі пікір білдіруде. Өзбекстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық және өңіраралық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері У. Сиддиков Орталық Азия мемлекеттерінің халықаралық нарықтарға шығуын қамтамасыз ететін ауқымды және сенімді көліктік-энергетикалық дәліздердің жоқтығы аймақтың әлемдік экономикалық байланыстар құрылымына толыққанды интеграциялануын едәуір дәрежеде тежеп отырғанын айтады. Осының аясында Орталық Азия өңірін әлемдік нарықтармен байланыстыратын көлік-коммуникация саласында ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру өңірлік сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, шетелдік инвестициялар мен озық технологияларды тартуға, өндірістік инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, Қытайдың қатысумен жүзеге асырылып жатқан автомобиль жолдары мен темір жолдардың, ілеспе логистикалық орталықтардың және басқа да инфрақұрылымдық нысандардың құрылысы қосымша жұмыс орындарын құруға және соның нәтижесінде халықтың табысы мен әл-ауқатын арттыруға қуатты әсер етуі мүмкін екенін атап көрсетеді.

Лю Цзяминь, И.Рыжов, Д.Тарасова сынды авторлар екі елдің қарым-қатынасының 2013-2023 жылдар арасындағы онжылдығын қорытындылаған. Негізгі қарым-қатынасты дамытудың тәуекелі ретінде Қырғызстанның Қытай алдындағы қарызын өтей алмау қаупін айтады. Яғни «қарыз тұзағы дипломатиясы» - бұл Қытайға тәуелділіктің артуы. Сонымен қатар, Ош аймағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Ауғанстаннан келетін лаңкестік әрекеттердің, сондай-ақ «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржолы және «Бір жол, бір белдеу» жобаларын жүзеге асырудағы қауіп төндіретін немесе баяулатуы мүмкін радикалды исламшыл, тіпті қырғыз ұлтшыл топтарының ықпалы мәселелері әлі де бар. Қырғызстан үшін Қытаймен байланысты жоғарыда аталған қауіп-қатерлерге тепе-теңдік Ресеймен, атап айтқанда Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы байланыстарды кеңейту болып табылады [7].

Қырғызстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар соңғы онжылдықтарда белсенді түрде дамып келеді және қазір «стратегиялық» сипатқа ие. Бұл туралы Қытайдың Синьхуа ақпарат агенттігіне берген сұхбатында Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық инвестиция агенттігі директорының орынбасары Жалын Женалиев растады [9]. «Бір белдеу, бір жол» жобасының іске қосылуымен Қытай компаниялары қырғыз экономикасына инвестиция құйып жатыр. 1992 жылдың мамыр айында екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағаннан бері инвесторлардың құқықтарын ілгерілету және қорғау және оларға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімге» қол қойылды [8].

1990 жылдардың басындағы қытайлық авторлардың пікірінше, Қырғызстан Қытай үшін аймақтық басымдық болған жоқ, бірақ оның негізгі сауда серіктестерінің бірі болып қала берді: «Қырғызстан Орталық Азия аймағындағы Қытай Халық Республикасының маңызды сауда серіктесі болып табылады». Бұл ретте «шағын аймақтық мемлекет, дамымаған, яғни ерекшеліктер аймақтық нарықты талдау кезінде де байқалады» деп сипатталды [9]. Қазіргі таңда, қытайлық сарапшылар екі ел арасындағы саяси және экономикалық қарым-қатынастардан бөлек, ақпараттық қамтамасыздандыру немесе қытайдың «жұмсақ күші» арқылы жергілікті халықтың оң көзқарасын қалыптастыруға ұмтылып жатқанын баяндайды. Сондай-ақ, Қытайдың жұмсақ күші ҚХР қатысатын жаңа экономикалық жобаларға қарсылықты азайтуға өз әсерін тигізуін қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Көптеген батыстық және ресейлік ғалымдар Қытайдың серіктестермен қарым-қатынастағы стратегиясын ілгерілетудің негізгі құралы несие беру деп санайды. «Бір жол, бір белдеу» аясында құрылған инфрақұрылым Қытайдан тауар экспорттау және басқа елдерден, әсіресе көршілес Орталық Азия елдерінен табиғи ресурстарды алу үшін жағдайды жақсартуға бағытталған. Кейбір ресейлік ғалымдар «Бір жол, бір белдеу» жобасын сынға алып, Қытайды тиімді экономиканың көмегімен Орталық Азияның және Қырғызстанның табиғи және еңбек ресурстарын өз мақсаттарына пайдалану арқылы ықпалын одан әрі күшейтуді көздеп отыр деп айыптайды. Көптеген сарапшылардың пікірінше, ынтымақтастық әлі де «ресурстары инвестицияға айырбас» шарттарында жүзеге асырылуда – осылайша Қырғызстанның Құру-Тегерек (Чатқал ауданы, алтын), Шамбесай (Қадамжай ауданы, алтын), Бучук (Нарын ауданы, алтын), Сандық (Жұмғал және Кочкор ауданы) және басқа да аудандардағы көлік магистралінің, коммуникация және басқа да нысандардың құрылысы қымбаттады.

Америкалық зерттеуші Майкл Глянц өз мақаласында, Қытай ондаған жылдар бойы бөгеттер, құбырлар, автомобильдер мен темір жолдар салу, сондай-ақ порттар мен көпірлер сияқты ескірген инфрақұрылымды қалпына келтіру бойынша жекелеген елдермен ынтымақтастықта халықаралық жобаларға белсенді қатысты. Бұл жағдайда «Бір жол, бір белдеу» жобасы қолданылады, Қытай өзінің күш-жігерін жаһандық саясатқа бағыттап,

үйлестіру және жүзеге асыруға бағыттауда екенін атап көрсетеді [10].

«The Carnegie Endowment for International Peace» сараптамалық орталығының ресми сайтында Н. Мураталиева өз мақаласында Қытайдың Орталық Азиядағы саясатына қатысты пікірін білдірген. Аймақтағы елдер үшін қытайлық несиелеудің ортақ белгілері ретінде қарыз алудың қарапайымдылығы, оларды өтеудегі қиындығы, сонымен қатар рәсімдердің ашықтығы мен нақты шарттарының жоқтығын атап айтқан. Және қытайлық несиелер болашақта аймақ елдерінің ішінде экономикалық осал болып табылатын Қырғызстан мен Тәжікстанның экономикалық және саяси мүдделеріне қауіп төндіру мүмкіндігін атап өткен [11]. АҚШ-тық Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдеріндегі экономикалық, қауіпсіздік және геосаяси өзгерістерді бақылаушы сарапшылар Уайлдер Санчес және Марин Экстром «The Diplomat» сайтында Қытай мен Қырғызстанның қатынасына келесі көзқарастарын білдірген. Бір жағынан Қытай және «Бір жол, бір белдеу» Қырғызстанның жаһандық саудаға ашылуына көмектесті, екінші жағынан Қырғызстанның болашағына баға берерде Бішкектің Пекин алдындағы несиелік тәуелділігі алаңдатады. Алайда, қоғамның қарсылығына қарамастан, Қырғызстан жақын болашақта инвестициялық және сауда байланыстарында Қытайға сенім артатындығын атап айтқан [12].

Зерттеу барысында Қырғызстан мен Қытай арасындағы соңғы отыз жыл ішіндегі дипломатиялық қатынастардың, экономикалық ынтымақтастық деңгейі мен даму үдерісін сипаттайтын статистикалық мәліметтер, екі елдің сипаттамалары, сондай-ақ олардың өзара қарым-қатынасының бағыты мен ауқымын айқындайтын қырғыз, қытай және ресей сарапшыларының мақалалары мен интернет-ресурстардағы ақпараттар пайдаланылды.

Жиналған нақты деректерге негізделген жүйелі талдау екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың мәнін жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Зерттеуде қолданылған тарихи-салыстырмалы әдіс аймақтағы елдердің Қытаймен өзара байланысындағы ерекшеліктер мен қарым-қатынас деңгейін анықтауға жағдай жасады.

Сонымен қатар, тарихи-хронологиялық әдіс арқылы Қырғызстан мен Қытай арасындағы түрлі тарихи кезеңдердегі байланыстардың негізгі даму сатылары мен өзгеру динамикасы қарастырылып, талдау жүргізілді.

Нәтижелер

1991 жылы 27 желтоқсанда Қытай Халық Республикасының Үкіметі Қырғызстанның тәуелсіздігін мойындап, 1992 жылы 5 қаңтарда екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнады [13]. Қытай 1992 жылы мамырда Бішкекте ресми түрде елшілігін ашқан алғашқы елдердің бірі болды. Қазіргі кезеңде Қытайдың өсіп келе жатқан әлеуеті Орталық Азия елдеріндегі, оның ішінде Қырғызстандағы саяси және геосаяси жағдайға әсер етіп қана қоймай, аймақтағы экономикалық жағдайды да түбегейлі өзгертті. Қытай мен Қырғызстан арасындағы жедел сауда ынтымақтастығының астарында бірнеше стратегия бар. Біріншіден, Қытай

қырғыз экономикасының негізгі салаларына саналы түрде қатысу саясаты арқылы өзінің саяси ықпалын күшейтуге ұмтылады. Екіншіден, Қытай салдары болуы мүмкін және Қытайдың өсуін бәсеңдетуі мүмкін саяси және әлеуметтік тұрақсыздыққа жол бермеу үшін аймақтағы дамуға жәрдемдесуді қалайды.

Он жылдық кезеңдегі, яғни 1992-2002 жылдар арасындағы екі елдің тауар айналымының динамикасына қарасақ, Қытай Қырғыз Республикасының негізгі сауда серіктестерінің бірі болғанын көреміз. Алыс шет елдердің ішінде 2000 жылы Қытай Қырғызстанмен тауар айналымы бойынша екінші орынға (Германиядан кейін) көтерілді.

1992 жылдан бастап Қытай Қырғызстандық өнімдерді ең ірі экспорттаушы елдердің бірі болып табылады. Қырғызстан Қытайға негізінен бастапқы өңделген өнімдерді – шикізатты, материалдарды және қосымша құны төмен басқа да тауарларды экспорттайды. 1992-1995 жылдар аралығында. Қырғызстан Қытайға негізінен тері, жүн, мақта (талшық), бағалы металдар, сынап, мыс, алюминий экспорттады. Бірақ 1996 жылы экспорт құрылымында айтарлықтай өзгерістер болмағанымен, олардың көлемі екі есеге жуық күрт қысқарды. Бұл төмендеуді Қытай тарапының Қырғызстаннан тері мен жүн әкелуге саудалық және кедендік шектеулер енгізуімен түсіндіруге болады. 1998 жылы қаржы дағдарысы сауда жағдайына әсер етті, бұл кезде экспорт көлемі елдер арасындағы сауданың бүкіл он жылындағы ең аз соманы – 15,7 миллион долларды құрады. 1999 жылдан бастап жағдай біршама тұрақтана бастады және экспорт өсті. Көптеген келіссөздердің нәтижесінде көптеген тарифтік мөлшерлемелер қайта қаралып, түзетілді. 2000 жылы Қытайға экспорт көлемі өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есе өсіп, 44,1 млн АҚШ долларын құрады.

Екіжақты қарым-қатынас орнағалы бері екі ел экономикамен қауіпсіздік мәселелеріне басымдық берді. Қырғызстан дәстүрлі түрде Қытаймен өзара әрекеттесуде Орталық Азиядағы ең әлсіз ел болып саналады. Қытай Эксим банкінің сыртқы қарыздағы жоғары үлесі (45% – \$1,7 млрд), аймақ елдері арасындағы Қытаймен ең үлкен абсолютті сауда тапшылығы (ҚХР Бас кеден басқармасының мәліметтері бойынша – \$5,5 млрд). 2018-2019 жылдары Қырғыз Республикасында Қытайға қарсы көңіл-күйдің күшеюі байқалды, бұл жергілікті халық арасында наразылық қозғалыстарымен қатар жүрді. Наразылық білдірушілер қытайларға Қырғызстан төлқұжаттарын беруге мораторий енгізу, Қытай азаматтарын депортациялау, аралас некелерді тіркеуге тыйым салу және Қырғыз Республикасының ҚХР-дан алған несиелерінің мақсатқа сай болуын тексеруді қамтыды.

2019 жылдың қаңтарында Бішкекте Қытайға қарсы шеру өтті, оған қатысушылар этникалық қырғыздардан басқа Қытай азаматтарына қырғыз паспорттарын беруге мораторий жариялады, сондай-ақ ҚХР-дан алынған несиелердің орындылығын тексеруді талап етті. Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталса, кінәлілерді жауапқа тартып, соңында Қырғыз Республикасында заңсыз тұрып жатқан Қытай азаматтарын депортациялау мәселелері көтерілді. Бақылаушылардың айтуынша, синофобия үкіметке

қарсы наразылық акцияларының қозғаушы күштерінің бірі. Наразылық білдірушілер биліктің жоғары деңгейіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы және үкімет қаржысының ашықтығын, әсіресе қытайлық гранттар мен несиелердің қалай жұмсалуды туралы айтты. Қазіргі таңда, ел ішіндегі Қытаймен саяси және экономикалық қарым-қатынасқа көзқараста біршама тұрақтылық орнаған, дегенмен Қытай алдындағы қарыз қырғызстандықтардың көңіл-күйіне кері әсер етуде.

Қырғыз Республикасының қазіргі даму кезеңінде инвестициялық құрылымды қайта қарау қажеттілігі туындады. Бұл – күрделі салымдарға деген сұраныс пен қолда бар ресурстар арасындағы айырмашылықты сыртқы несиелер емес, шетелдік жеке инвестициялар арқылы жабуға мүмкіндік бар дегенді білдіреді. Мемлекеттік кепілдіктердің жүйесіздігі мен сыртқы қарыз мәселелерін ескере отырып, елге тікелей шетелдік капитал ағынын белсенді түрде ынталандыру жоспарланған. Алайда бұл бағытта айтарлықтай жетістіктер байқалмайды. Бұған дейін қабылданған шаралар жеткіліксіз болып шықты – тікелей шетелдік инвестиция тартылған жобалар саны аз, ал Қырғызстан нарығына келіп жатқан инвесторлар легі төмен. Инвестицияларсыз шағын және орта бизнес салаларының дамуы қиын. Сондықтан жеке капитал тарту ұлттық даму үшін басым бағытқа айналуы тиіс. Бұл мақсатқа жету үшін халықаралық стандарттарға сай шетелдік инвесторларға қолайлы әрі жеңілдетілген жағдай жасау қажет. Қазіргі таңда Қытай мен басқа да шет мемлекеттердің инвестициялары экономиканы, шағын және орта кәсіпкерлікті, сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуға тартылып жатқаны байқалады.

Асқар Ақаевтың кезеңіндегі Қырғызстанның Қытаймен сыртқы саяси қатынастары (1991-2005). Қырғызстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастың негізі қаланған, қалыптасу және алғашқы даму кезеңі болды. Бұл кезеңде екі ел бір-бірін ресми түрде танып, дипломатиялық өкілдіктер (елшіліктер) ашылды. Қырғызстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін, Қытай оны алғашқылардың бірі болып мойындады.

Екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағаннан кейін Қырғыз Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы екіжақты байланыстарды дамытудағы келесі маңызды қадам Қырғыз Республикасының Президенті А.Ақаевтың 1992 жылғы 12-16 мамырда Бейжіңге жасаған алғашқы ресми сапары болды. Сапар барысында ҚХР Орталық Комитетінің Төрағасы Шэнь Шанмен екіжақты кездесулер мен келіссөздер жүргізілді. Цзян Цзэминь және Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэн. Кездесулердің қорытындысы бойынша екі мемлекет арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты орнатуға негіз болған Қырғыз-Қытай бірлескен коммуничесіне қол қойылды [14]. Қырғызстан Президентінің ҚХР-ға ресми сапарының қорытындысы бойынша, сондай-ақ 1992 жылдың мамыр айында Бішкекте ҚХР-ның Қырғыз Республикасындағы Елшілігінің ресми ашылуы болды, ол жаңа тәуелсіз мемлекеттегі алғашқы елшіліктердің бірі болды. Қырғыз Республикасының Сыртқы істер министрі Е.Қарабаевтың 1993 жылғы

31 тамыздағы Қытайға сапары барысында Қырғызстан тәуелсіздігінің екі жылдығына орайластырылған Бейжіңде Қырғыз Республикасының Елшілігінің ашылуы болды.

Ақаев билігі тұсында Қытаймен шекара мәселесін бейбіт жолмен шешу маңызды жетістік болды. 1996 жылы және 1999 жылы Қытай мен Қырғызстан арасындағы шекара келісімдеріне қол қойылып, шекара сызығының көп бөлігі нақты белгіленді, бұл мәселенің шешімі ел ішіндегі кейбір наразылықтарға себеп болса да, сыртқы саясатта Қытаймен тұрақты қатынас орнатуға жол ашты. 2001 жылы Қырғызстан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) құрылтайшы мүшелерінің бірі болды. Ұйым аясында Қытаймен қауіпсіздік саласында өзара іс-қимыл күшейе түсті, әсіресе шекаралық аймақтарда экстремизм мен терроризмге қарсы әрекеттерге мән берілді.

Құрманбек Бакиев кезеңіндегі Қырғызстанның Қытаймен сыртқы саяси қатынастары (2005–2010). Құрманбек Бакиев 2005 жылы билікке келгеннен кейін Қытаймен қарым-қатынасты дамытуға басымдық берді. Оның сыртқы саясаты экономикалық прагматизмге негізделді және Қытайдан инвестиция мен несиелер тарту арқылы елдің инфрақұрылымы мен саудасын дамытуға бағытталды. 2005-2010 жылдар аралығында екі ел арасындағы сауда көлемі 16 есе өсті. Сонымен қатар, Қытай қауіпсіздік мәселелерінде де Қырғызстанмен ынтымақтастықты арттырды, әсіресе ұйғыр сепаратистеріне қарсы күрес пен Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) аясындағы әскери жаттығуларға басымдық берді.

Бакиев билікке келген кезде Қытай мен Қырғызстан арасындағы сауда айналымы 2005 жылы 608 млн долларды құрады. Бірақ 2010 жылға қарай бұл көрсеткіш 4 есеге өсіп, 2,5 млрд долларға жетті. Бакиев үкіметі Қытаймен сауда қатынастарын нығайтуға және инфрақұрылымдық жобалар арқылы экономиканы дамытуға баса назар аударды. Алайда, саудадағы теңсіздік, қытайлық тауарлардың Қырғызстан нарығын басып кетуі, инвестициялық жобалардағы сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ жергілікті кәсіпкерлердің бәсекеге қабілетсіздігі халықтың наразылығын тудырды.

Қырғызстанның Қытайға экспорты (негізгі тауарлар): қымбат металдар және алтын (жалпы экспорттың 45%), мақта және тоқыма өнімдері (15%), электроника, түсті металдар және химиялық өнімдер (10%), жеміс-көкөніс өнімдері, ет және ауыл шаруашылығы өнімдері (5%). Қытайдан Қырғызстанға импорт (негізгі тауарлар): тұрмыстық электроника, телефондар, компьютерлер (30%), киім-кешек, аяқ киім және тоқыма бұйымдары (25%), құрылыс материалдары және техникалық жабдықтар (20%), автокөліктер, қосалқы бөлшектер, ауыл шаруашылық техникасы (10%).

Сауда теңгерімсіздігінің келесі факторларын атап көрсетсек болады. 2009 жылы Қытайдан Қырғызстанға импорт көлемі 2,2 млрд долларды құрады, ал Қырғызстанның Қытайға экспорты небәрі 300 млн доллар болды. Бұл сауда тапшылығының айтарлықтай үлкен екенін көрсетті. Сонымен қатар, Қытайдан келетін арзан тауарлар Қырғызстандағы жергілікті

өндіріс пен кәсіпкерлерге ауыр соққы болды. Бішкек, Ош және басқа да қалалардағы базарларда қытайлық өнімдер нарықты толықтай басып алды, бұл жергілікті өндірушілердің шығынға ұшырауына себепкер болды.

Бакиев үкіметі Қытайдан арзан пайыздық несиелер алуды күшейтті, бұл Қырғызстанның сыртқы қарызының көбеюіне әкелді.

–2006 жылы Қытай Қырғызстанға 150 млн доллар көлемінде жеңілдетілген несие берді.

–2009 жылы Бішкек Қытайдан тағы да 400 млн доллар көлемінде несие алды, оның басым бөлігі инфрақұрылымдық жобаларға бағытталды.

–2010 жылға қарай Қырғызстанның Қытай алдындағы жалпы қарызы 850 млн долларға жетті, бұл Қырғызстанның сыртқы қарызының 40%-ын құрады. Бұл қарыздар елдегі кейбір саясаткерлер мен сарапшылардың алаңдаушылығын туғызды. Қытайдан алынған несиелердің көп бөлігі Қытай компаниялары арқылы жүзеге асқандықтан, қаржы Қырғызстан экономикасына тікелей әсер еткен жоқ, керісінше, елдің Қытайға тәуелділігін арттырды. Бакиевтің билігінің соңына қарай Қытайдан Қырғызстанға келетін жұмысшылар саны күрт өсті. 2005 жылы Қырғызстанда 3000-ға жуық қытайлық жұмысшы болса, 2010 жылы олардың саны 20 000-нан асты. Бұл үрдіс жергілікті халықтың наразылығын тудырды. 2009 жылы бірнеше ауылдық аймақтарда қытайлық жұмысшыларға қарсы шерулер өтті. 2008 жылы Қытайлық компанияларға Қырғызстанда ауыл шаруашылығына арналған 4000 гектар жер жалға берілді. Бұл шешім халық арасында үлкен қарсылыққа ұшырап, нәтижесінде Бакиев үкіметі келісімді қайта қарауға мәжбүр болды.

Алмазбек Атамбаев кезеңіндегі Қырғызстанның Қытаймен сыртқы саяси қатынастары (2011–2017).

Алмазбек Атамбаев Қырғыз Республикасының президенті қызметін 2011 жылдың 1 желтоқсанынан 2017 жылдың 24 қарашасына дейін атқарды. Оның билік еткен кезеңі ішкі саясатта да, елдің сыртқы саясатында да елеулі өзгерістермен сипатталды. Сыртқы саясатта Атамбаев көпвекторлы бағытты ұстанып, Батыс елдерімен де, Азия елдерімен де қарым-қатынасты дамытуға ұмтылды. 2011 жылы елдің сыртқы сауда айналымының 15,57%-ы Қытайға тиесілі. Осы кезеңде қытайлық компаниялардың қатысуымен және қаржыландыруымен ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылды:

- Датқа-Кемин электр беру желісінің құрылысы: Құны 400 миллион долларды құрайтын жоба еліміздің оңтүстік және солтүстік өңірлерін біртұтас энергетикалық желіге біріктіруге мүмкіндік берді. Мердігер ретінде қытайлық ТВЕА компаниясы болды, ал қаржыландыру Қытайдан алынған жеңілдетілген несие арқылы жүзеге асырылды.

- Бішкек жылу электр орталығын жаңғырту: Елорданың жылу электр орталығын жаңғырту жобасы да қытайлық ТВЕА компаниясының қатысуымен жүзеге асырылды және қытайлық несие арқылы қаржыландырылды.

- Солтүстік-Оңтүстік тас жолының құрылысы: Бұл стратегиялық маңызды жоба ел аймақтары арасындағы көлік қатынасын жақсартуға бағытталған және Қытайдың қолдауымен де жүзеге асырылды.

Жалпы, Атамбаевтың билігі елдің аймақтық интеграцияға бейімделу кезеңімен сипатталады. Ол Қытай және Ресеймен байланыстарды нығайтуға басымдық бергенімен, ел экономикасы сыртқы факторларға тәуелді болып қала берді.

Сооронбай Жээнбеков кезеңіндегі Қырғызстанның Қытаймен сыртқы саяси қатынастары (2017–2020).

2018 жылдың жазында Президент С. Жээнбеков Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне қатысу үшін арнайы Қытайға алғашқы ресми сапарын жасады, осы саммит аясында кездесуде екі мемлекет басшылары екіжақты қарым-қатынастарды ауқымды жаңғыртуды көздейтін «Қытай мен Қырғызстанның жан-жақты стратегиялық әріптестік орнату туралы бірлескен мәлімдемесіне» қол қойды [15]. Си Цзиньпин ШЫҰ-ның Бішкек саммитіне қатысу үшін аталған жылы Қырғызстанға келді, онда екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен мәлімдемеге қол қойылды. Қытай Қырғызстанның ірі сауда және инвестициялық серіктесі болып қала берді. Жээнбековтің кезеңінде Қытай тарапынан бірқатар инфрақұрылымдық жобалар, соның ішінде жолдар, энергетикалық нысандар және көлік желілері қаржыландырылды. Атап айтқанда, Бішкек ЖЭО-ның жаңғыртылуы осы кезеңде жүзеге асырылды (кейін бұл жоба жемқорлық дауына ұласқаны белгілі). Қытайдан алынған несиелер көлемі артып, Қырғызстанның сыртқы қарызы құрылымында Қытай Эксимбанкiнiң үлесi айтарлықтай жоғарылады. Бұл белгілі бір тәуелділік туғызғанымен, инфрақұрылымдық даму тұрғысынан ел үшін маңызға ие болды. Жээнбеков Қытаймен ынтымақтастықты тереңдеткенімен, ел ішінде Қытайға деген белгілі бір сенімсіздік пен сын-пікірлерді де ескере отырып, сақтық танытты. Ол сыртқы саясатта тепе-теңдік ұстанымын ұстануға тырысты — Қытаймен де, Ресеймен де, Батыспен де қарым-қатынасты тең деңгейде дамытуға ұмтылды. Сооронбай Жээнбековтің президенттік кезеңіндегі Қырғызстан-Қытай қарым-қатынасы конструктивті, бірақ прагматикалық сипатта болды. Қытай – негізгі экономикалық серіктес ретінде қарастырылды, алайда қоғамда туындаған алаңдаушылықтарды ескере отырып, билік бұл қарым-қатынасты теңгерімді ұстауға тырысты.

Садыр Жапаров кезеңіндегі Қырғызстанның Қытаймен сыртқы саяси қатынастары (2021 жылдан – қазіргі уақытқа дейін).

Қазіргі таңда Жапаровтың президенттігі автократиялық және авторитарлық басқарумен, биліктің президенттің қолында шоғырлануымен және келіспеушілікті басуымен сипатталды. Ол билікке келгенге дейін Қырғызстан басқа посткеңестік Орталық Азия мемлекеттерімен салыстырмалы түрде ашық саяси ахуалымен ерекшеленетін. Алайда, Жапаров конституциялық референдумдар арқылы өзінің президенттік

өкілеттіктерін абсолютті өкілеттіктерге дейін ұлғайтып, парламенттің ықпалын азайтты, сонымен қатар Қырғызстанда демократиялық елеулі кері кетуге әкелген Халық Құрылтайын құрды. Қырғызстанның сыртқы саясатына көз жүгіртетін болсақ, бұл саладағы әл ауқаты Садыр Жапаров тұсында біршама тұрақтанды десек болады. Әсіресе, 2021 жылдан бастап Қырғызстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас айтарлықтай дамыды. Бұл даму экономикалық көрсеткіштер мен инфрақұрылымдық жобаларда көрініс тапқан болатын. 2024 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы \$22,7 миллиард АҚШ долларына жетті, Орталық Азия елдерінің ішінде Қазақстаннан кейінгі орынды алды.

Талқылау

Қырғыз ұлттық көшбасшыларының, сарапшылар мен ғалымдардың жағымды пікірлеріне сүйене отырып, екі ел түрлі салаларда мемлекетаралық ынтымақтастықты сәтті дамытып келеді. Қырғызстан мен Қытай өзара бірін-бірі толықтыра алатын серіктестер ретінде ерекшеленеді: Қырғызстан Қытайға қажет көмір, темір, алтын, мыс және алюминий сынды пайдалы қазбалармен қамтамасыз ете алады, бұл елдің тау-кен саласына ірі инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, Қытайдың қарқынды дамып келе жатқан өнеркәсібі Қырғызстанның ауыл шаруашылығына негізделген экономикасы үшін маңызды технологиялармен қамтамасыз етуге қауқарлы, бұл Қырғыз өнеркәсібін дамытуға жол ашады.

«Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы серіктестік

Си Цзиньпин билікке келгеннен кейін Қытайдың сыртқы саясатында жаңа бағыт қалыптасты. Ол Қытай ұлтының ұлы жаңғыруы идеясын жүзеге асыруға шақырды. Бұл тұжырымдама қытайлық ерекшеліктерге сай социализмді алға жылжытып, халықаралық қатынастарға жаңа көзқарас ұсынуды білдіреді. Бұрынғы басшылар негізінен ірі державалармен байланысқа басымдық берсе, Си Цзиньпин алдымен Қытайдың көршілес елдермен қарым-қатынасына ерекше мән берді. Сонымен қатар, ол «ортақ тағдырға ие жаһандық қауымдастық» тұжырымын ұсыну арқылы «қытай арманын» жүзеге асыру жолын көрсетті.

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы Қытайдың сыртқы саясатындағы жаңа басымдықтар - аймақтық интеграция мен көршілес елдермен қарым-қатынасты нығайту (яғни шеткері дипломатия) бағытындағы алғашқы және маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналады. Осы тұрғыдан алғанда, Қырғызстанның ғана емес, жалпы Орталық Азия өңірінің дамуын Қытаймен ынтымақтастықсыз елестету қиын. Соңғы отыз жыл ішінде Қытай Қырғызстан үшін жетекші экономикалық әріптеске айналды. 2000 жылдан бастап екі ел арасындағы сауда көлемінің едәуір артқанын, Қытайдың Қырғызстандағы даму жобаларына негізгі қаржы көзі болғанын және тікелей шетелдік инвестиция тұрғысынан басты донорға айналғанын байқауға болады. Қытай несиелері Бішкектегі ЖЭО-ны жаңарту, жолдар мен электр желілерін салу сияқты ірі инфрақұрылым жобаларын қаржыландыруға бағытталды.

2019 жылғы 18 сәуірде Бішкек қаласында «Қырғызстан және «Бір белдеу, бір жол» бастамасы: өткеннен болашаққа» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысқан қырғыз сарапшылары мен ғалымдары Қытай ұсынған бұл бастама Орталық Азия мемлекеттері үшін жаңа өндірістер ашуға және жұмыс орындарын көбейтуге ықпал етеді деген көзқарасты білдірді. Бішкек бұл ауқымды жоба аясында елдер арасындағы сенімді әрі өзара тиімді әріптестікті дамытуға ниетті екенін атап өтті [16]. 2019 жылы Қырғызстанда 400-ге жуық қытайлық компания мен 170 қытай-қырғыз бірлескен кәсіпорны жұмыс істеді [17]. Ресми деректерге қарағанда, Қытай инвестициясының көлемі Қырғызстанға салынған тікелей инвестицияның жалпы көлемінің 33 пайызын құрайды [18].

Қытайдың Қырғызстанда «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында болуы, әрине, қырғыз экономикасы үшін қайшылықты болса да, тиімді, өйткені ол негізінен үкіметтік топтардың қолындағы ауыр өнеркәсіпке оң әсерін тигізеді. Шағын және орта қытайлық кәсіпорындар сирек кездеседі, өйткені Орталық Азияның, әсіресе Қырғызстанның нарығы айтарлықтай шектеулі және инвестициялау үшін жағдай қолайсыз болып саналады. Сауданың арқасында қытайлық және бірлескен қырғыз-қытай-орыс кәсіпорындары болып табылатын жеке кәсіпорындар пайда бола бастады. Сонымен қатар, Қытайдың бизнес жүргізу тәсілі Орталық Азиядан барған сайын қатал сынға ұшырауда: Қытай компаниялары өздерінің жабдықтарымен және материалдарымен келеді, осылайша жергілікті кәсіпорындарды айналып өтеді.

Аталған жоба аясында екі ел арасындағы қарым-қатынасына ғылыми еңбектерге сүйене отырып келесі тұжырымдарды жасауға болады:

- ынтымақтастықтың қазіргі кезеңінде Қырғыз Республикасы Қытайдың аймақтық стратегиясында жолдарды, су электр станцияларын салуда, «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясында тау-кен өнеркәсібін және басқа да ірі бағдарламаларды жүзеге асыруда, қытайлық инвесторларды несиелік қаржыландыруды арттыруда өз орнын алды. Қытайдың Қырғызстандағы қатысуын кеңейтудің әлеуетті бағыттары ретінде көлік-коммуникация, тау-кен өнеркәсібі, гидроэнергетика және т.б. салалар;

- Қытай басшылығының идеологиялық қызметінің басты бағыттарының бірі – елдің сыртқы және ішкі бастамаларына тұжырымдамалық қолдау көрсету екенін ескере отырып, «Бір белдеу, бір жол» стратегиясын іске асыру Қытай үшін маңызды «жұмсақ күш» құралына айналды. Қытайдың экономикалық дипломатиясы мәдени ортақтыққа негізделген елдермен тығыз қарым-қатынасты дамытуға бағытталды. Бұл стратегия тек сауда, энергетика мен инфрақұрылымдық байланыстарды нығайтуды ғана емес, сонымен бірге ортақ тарихи және мәдени негіздерге сүйенетін жаңа аймақтық интеграция үлгісін қалыптастыруды көздейді. Мұндай интеграцияның теориялық негізі – «Қытай арманы», «Азия-Тынық мұхиты арманы», «ірі державалар арасындағы жаңа қатынас үлгісі»,

«ортақ тағдыр қоғамдастығы» сияқты әлеуметтік-мәдени және имидждік тұжырымдамалар жиынтығы, олардың басты мақсаты – Қытай мен оның азиялық көршілері арасындағы өзара сенімді арттыру.

- Қырғызстанда қытайлық «Бір белдеу, бір жол» бастамасына көзқарас әртүрлі, көптеген оң және теріс пікірлер бар. Біріншіден, «Бір белдеу, бір жол» жобасы ЕАЭО-ға еуразиялық кеңістіктегі бәсекелес ретінде қабылданады. Екіншіден, Қытай азаматтарының көші-қон ағыны жыл сайын артып келеді, «қытайлық демографиялық қауіп» күшейіп келеді және бұл мәселе Қырғызстан халқын алаңдатып отыр. Үшіншіден, экологиялық қауіпсіздік, адамдардың өмірі мен денсаулығының, жануарлар мен өсімдіктердің, қоршаған ортаның қауіпсіздігі және т.б. Төртіншіден, кейбір қытайлық компаниялардың жемқорлық әрекеттері азаматтардың теріс пікірін тудырады. Бесіншіден, өңірлердегі тұрақсыздықпен байланысты Қырғызстанда «Бір белдеу, бір жол» жобаны жүзеге асыруда бірқатар тәуекелдер анықталды [19].

«Бір белдеу, бір жол» жобасының соңғы уақыттағы екі елдің қатысуымен ең ірі жүзеге асырылып жатқан жобасы «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржолы. 2024 жылғы 6 маусымда Бейжіңде Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан (ҚКУ) темір жолын салу жөніндегі үкіметаралық келісімге қол қойылды. Қырғызстан президенті Садыр Жапаров бұл темір жол Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасының маңызды құрамдас бөлігі екенін және үш мемлекет арасындағы жаңа кезеңдегі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің белгісіне айналатынын атап өтті. Өзбекстан басшысы Шавкат Мирзиёевтің пікірінше, бұл темір жол Қытайды Орталық Азиямен жалғайтын ең қысқа құрлықтағы бағыт болып, Трансауған дәлізі арқылы Оңтүстік Азия мен Таяу Шығыс нарықтарына шығуға мүмкіндік береді [20]. Қытай төрағасы Си Цзиньпин жобаны үш елдің ынтымақтастық пен даму жолындағы табанды ұмтылысының айғағы ретінде сипаттап, оны стратегиялық маңызы бар бастама деп атады [21]. Үш елдің президенттері де жобаның аймақтық сауданы кеңейтуге, өндірістік кооперацияны күшейтуге және халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға қосатын үлесін ерекше атап өтті. Бұл жоба алғаш рет 1990 жылдары ұсынылып, 1997 жылы үш ел темір жол жөніндегі өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бірақ техникалық және саяси мәселелерге байланысты теміржол құрылысы бірнеше рет кейінге қалдырылды.

Қытайдың мүдделері: транзит, сауда және Шыңжаң пилоттық еркін сауда аймағы

Жаңа теміржол салу арқылы Қытай транзиттік бағыттарын әртараптандыруға, Ресей мен Қазақстанға тәуелділігін азайтуға және ұзақ мерзімді перспективада ЕО және Таяу Шығыс елдерімен тұрақты теміржол саудасын сақтай алады. Айта кетерлігі, ҚКУ темір жолы ең қысқа бағыттардың бірі болады және жеті-сегіз күн жеткізу уақытын үнемдейді. Сонымен қатар, жаңа теміржол Қытайдың орталық және батыс

аймақтарының, әсіресе Шыңжаңның өңдеу өнеркәсібінің өсуі арқылы экономикалық өсу мен дамуға ықпал етеді.

Қырғызстанның мүдделері: жаңа теміржол желісі және транзиттік кірістер

Қырғызстан өзінің ішкі инфрақұрылымын дамытуға мүдделі. Қырғызстанның темір жолының ұзындығы небәрі 424 шақырымды құрайды. Елдегі теміржол инфрақұрылымы Қазақстан мен Өзбекстанның теміржол желілеріне шығуды қамтамасыз ететін солтүстік пен оңтүстіктегі ажыратылған маршруттардан тұрады. Осылайша, ҚҚУ темір жолы Қырғызстан үшін елдің солтүстігі мен оңтүстігін байланыстыру мүмкіндігі болып табылады, өйткені тәуелсіздік алғалы бері бірде-бір теміржол салынбаған. Қырғыз үкіметі шешуге тырысып жатқан екінші міндет – әлемдік нарыққа шығу және әлемдік өндіріс тізбегінің бір бөлігі болу [22].

Соңғы жылдары Қырғызстан мен Қытай арасындағы гуманитарлық ынтымақтастықтың қарқынды дамуы ерекше назар аударарлық. Бұл серіктестік мәдениет, өнер, білім, ғылым және денсаулық сақтау сияқты маңызды салаларды қамтиды. Осы ынтымақтастықтың айқын мысалдарының бірі – Бейжің шет тілдер университетінде ашылған «Қырғызстан орталығы» болып табылады. Бұл орталық қырғыз тілін, мәдениетін және халықтың дәстүрлерін зерттейтін маңызды ғылыми алаңға айналды. Қырғыз жастарының Қытайда білім алуға деген қызығушылығы жылдан жылға артып келеді. Мұны Қытай үкіметі ұсынатын шәкіртақылар санының өсуі және Қырғызстанда ашылған Лу Бан семинары сынды білім беру бастамалары растайды. Бұл жоба техникалық және кәсіптік мамандарды даярлауға бағытталған. Қытай тілі мен мәдениетін үйретуге Қырғызстанда да белсенді түрде қолдау көрсетілуде. Елдегі жоғары оқу орындарында қытайтану бөлімдері мен Конфуций институттары табысты жұмыс істеп жатыр, ал Бішкек қаласында қытай тілін тереңдетіп оқытатын мектеп бар. Бұл бастамалар екі ел халқының мәдени жақындасуына және өзара түсіністікті тереңдетуге ықпал етеді.

Сонымен қатар, медицина саласындағы серіктестік те жемісті дамып келеді. Қытай Қырғызстанға медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмек жеткізіп қана қоймай, күрделі медициналық көмек, соның ішінде жүрек ақауы бар балаларға операциялар мен катарактаны емдеуді тұрақты түрде қамтамасыз етуде [23].

Бүгінгі күнге дейін екі елдің арасындағы орнатылған түрлі саладағы серіктестіктің даму бағытын, ынтымақтастықтың деңгейін бағалай отырып, сарапшылар болашаққа түрлі сараптама жасауда. Қытай тәрізді алып державамен қарым-қатынаста Қырғызстан көбірек тәуекелге баратыны анық. Дегенмен, дәл осы Қытай Қырғызстанның дамуының драйвері бола алуы әбден мүмкін. Әрине, қарым-қатынас кезінде туындайтын сын-қатерлер де жоқ емес. Соңғы уақыттағы түрлі геосаяси шиеленістерді ескере отырып, сарапшылар келесі мәселелерді назарға алуды ұсынады.

Біріншіден, Қырғызстан теңдестірілген көпвекторлы саясат жүргізу керек. Сыртқы саясатта экономикалық байланыстарды әртараптандыру,

тиімді келісім-шарттар жасау және болашақта қарыздық жүктемеге айналмайтындай тиімді жобаларды жүзеге асыру аса маңызды. Қазіргі таңда Қытай тарапынан Қырғыз экономикасына тікелей тартылып жатқан инвестиция көлемі жыл санап артуда, бұл тәуелділіктің деңгейін арттырады.

Екіншіден, Қытай мен Қырғызстанның мүмкіндіктері де, даму динамикалары да әртүрлі елдер. Қытай ірі экономикалық потенциалы бар мемлекет болса, Қырғызстаншағын әрі дамушы мемлекет. Бұлайырмашылық белгілі бір тәуекелдердің алғышарты болуы мүмкін. Сонымен қатар, кейбір қиындықтар Қытайдың басқа алып державалармен, атап айтқанда АҚШ, Ресеймен қарым-қатынастың динамикасына байланысты. Қытайға қатысты өзіндік көзқарасымен ерекшеленетін Д. Трамптың билік басында болуы, екі алып державаның қарым-қатынасының тұрақтылығына сенімділік бермейді. Осыған байланысты, Пекин мен Вашингтон арасындағы шиеленіс басқа елдерге, соның ішінде Қырғызстанға да әсер етпей қоймайды.

Үшіншіден, Қырғызстандағы Қытайдың іске асырылып жатқан жобаларының экологиялық қаупі. Екіжақты қарым-қатынастардың қазіргі тарихында ҚХР экологиялық стандарттар мен нормаларды сақтамау немесе төмен бағалау байқалған. Бұл қоршаған ортаның және Қытай жобаларының имиджінің нашарлауына әкеп соқтырға, бұған бірқатар мысалдар бар. Мәселен, 2019 жылдың басында Қытайдың көмір өндіруші «Цзинь Лонг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кінәсінен Ош облысындағы жеті ауыл сусыз қалды. Сонымен қатар, жергілікті халық пен қытай жұмысшылары арасында да қақтығыстар орын алып, қоғамдағы шиеленісті күшейткен жағдайлар да кездесті.

Қорытынды

Қытай көптеген жылдар бойы Қырғызстанның негізгі сауда және инвестициялық серіктесі болып қалып отыр. 2024 жыл екі ел арасындағы сыртқы сауданың рекордтық өсімімен ерекшеленіп, оң нәтижелерді көрсетті. Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасының деректеріне сүйенсек, Қырғызстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 22 миллиард 710 миллион долларға жеткен, ал бұл көрсеткіш 2023 жылы 19 миллиард 906 миллион доллар болған. Сонымен қатар, өткен жылы Қырғызстаннан Қытайға экспорт көлемі 2,8 миллиард долларға жетіп, бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілді. 2024 жылы үшінші «Бедел» шекаралық бақылау-өткізу пункті іске қосылды. Барскоон – Үштүрфан – Ақсу автожолының құрылысы аяқталуға жақын. Екі ел «Еркештам» мен «Торугарт» өткізу бекеттерінің инфрақұрылымын жетілдіру және олардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында «Дружба» көпірін жаңартып, қайта салды.

Қырғызстан ұлттық кәсіпорындарды өркендету мақсатында сыртқы әлеммен белсенді түрде ашық есік саясатын жүргізуде және бұл үдерісте Қытай компанияларының қатысуы мен жан-жақты ынтымақтастығы ерекше қолдау табуда. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында екі елдің кәсіпорындары ынтымақтастық пен даму бағытында тең мүмкіндіктерге

ие болды. Қытайлық компаниялардың Қырғызстан нарығына шығуы – олардың мол тәжірибесі мен кәсіби әлеуетін ескерсек, тиімді қадам болып саналады.

Бұл бастаманы іске асыру Қырғызстан мен Қытай кәсіпорындарына технология саласымен қатар, төмен немесе нөлдік тарифтермен еркін сауда аймағында өнім өткізу мүмкіндігін беріп, көпжақты өзара әрекеттестікке жол ашады. Әрбір компанияның өзіндік ерекшелігі мен артықшылықтары бар, бұл өз кезегінде бірлескен жобалар мен тығыз ынтымақтастық орнатуға жағдай жасайды. Қырғызстанның Қытайға деген достық көзқарасы Қытай кәсіпорындары үшін ынтымақтастықты кеңейту мен дамытуда айтарлықтай мүмкіндіктер туғызуда.

Инвестициялар көлемінің артуымен және «Бір белдеу, бір жол» бастамасының алға жылжуымен бірлескен кәсіпорындарды құру мен өзара іс-қимылды дамыту әлеуеті зор. Қазіргі таңда көптеген қырғыз кәсіпорындары қаржылық қиындықтарға тап болып отыр, ал елдің банк жүйесі оларға қажетті қолдау көрсете алмайды. Мұндай жағдайда Қытайдың бастамасымен құрылған Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі осы проблемаларды шешуге тиімді құрал бола алады. Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалының артуы және оның экономикалық әсерінің басқа өңірлерге, әсіресе осы саясат шеңберінде таралуы аймақтың ішінде де, сыртында да алаңдаушылық пен қарсы көзқарастар туындатуда. Қытай өз ықпалын неғұрлым қарқынды түрде кеңейткен сайын, оған деген қарсылық та соғұрлым күшейіп отырғанын байқауға болады. Бұл үрдіс Қырғызстанда да көрініс тауып, алғаш байқала бастаған мысалдардың біріне айналды.

Соңғы уақытта, Қытай мен Қырғыз Республикасының қарым-қатынасының динамикасының өсуі байқалады. Дәлел ретінде бірнеше факторды атап өтсек болады. Біріншіден, 2024 жылдың қорытындысы бойынша, Қырғызстан Орталық Азия елдерінің ішіндегі Қытаймен сауда айналымының өсімі бойынша көш басында тұр. Екіншіден, Қытай қырғыз елінің экономикасының басты инвесторы болып саналады, яғни өткен жылда Қытай тарапынан ел экономикасына \$220 млн -нан аса тікелей инвестиция тартылған. Үшіншіден, жыл соңында құрылысы басталған «Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан» теміржолы жобасы. Әрине, Қытай бұған дейін де Орталық Азия мемлекеттерінің тікелей сыртқы ірі инвесторы екенін білеміз, сәтті жүзеге асырылып жатқан жобалар да аз емес. Алайда, біз қарастырып отырған Қырғыз Республикасы Қытайдың «қарыз құрығына» ілінбей, инвестициялық жобаларды ел экономикасы үшін қаншалықты сәтті жүргізе алатындығын сарапшылар әр түрлі бағалайды және соның нәтижесінде негізгі сын-қатерлер анықталды.

Дегенмен, екі елдің мемлекет басшыларының арасындағы тығыз қарым-қатынасты және экономикалық көрсеткіштердің жыл сайын өсуін ескере отырып үлкен үміт күтуге болады. Қалай болғанда да алдағы онжылдық Қырғызстан үшін Қытайдың рөлін айқындатады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Министерство юстиции КР: «Концепция внешней политики Кыргызской Республики от 11 марта 2019 года». – С. 3-4.

[2] Кыргыз Республикасы Сырткы Истер Министрлігінің ресми сайты. Сілтеме: <https://mfa.gov.kg/ru/dm/posolstvo-kyrgyzskoy-respubliki-v-kitayskoy-narodnoy-respublike/menyu---inostrannoe/--uslugi/politicheskoe-sotrudnichestvo/er>

[3] Chinese premier meets Kyrgyz president // Official website of the State Council Information Office of China. 20.05.2023. URL: http://english.scio.gov.cn/topnews/2023-05/20/content_85509566.htm (дата обращения: 09.06.2025).

[4] Интервью Президента Кыргызской Республики С. Жапарова агентству Синьхуа. Сілтеме: http://kg.china-embassy.gov.cn/rus/zjsbw/202502/t20250204_11548701.htm

[5] Усубалиев Э.Е., Мураталиева З.Т., Маликов К.К., Молдобаев А.Э.. «Китайский фактор» во внешней политике Кыргызстана: двусторонний и региональный уровни. - Бишкек: Изд-во КРСУ, 2011. - 115-124 сс.

[6] Тазабеков Т. «Кыргызско-китайское экономическое сотрудничество в рамках дипломатии великого шелкового пути». - 14-23 с.

[7] Лю Цзяминь, Рыжов И., Тарасова Д. Взаимодействие Киргизии и Китая в рамках проекта «Один пояс, Один путь. - 82-88 сс.

[8] Соглашение между Правительством Китайской Народной Республики и Правительством Кыргызской Республики о поощрении и взаимной защите инвестиций // Министерство торговли Китайской Народной Республики URL: <http://tfs.mofcom.gov.cn/aarticle/h/at/200212/20021200058387.html> (дата обращения 31.05.2023) (на кит. яз.).

[9] Савкович Е. В. Экономическая политика Китая в постсоветской Центральной Азии (1992–2012 гг.) / Е. В. Савкович; под ред. В. П. Зиновьева. – Томск: Томский государственный университет, 2012. – 336 с.

[10] Глянц М. Китайская инициатива «Один пояс – один путь»: что может сделать «бренд» / М. Глянц // Проблемы постсоветского пространства / Post-Soviet Issues. – 2017. – No 4 (1). – С. 8– 19. – DOI: 10.24975/2313-8920-2017-4-1-8-19.

[11] Мураталиева Н. Ловушка или помощь. Как Китай адаптирует долговую политику под Центральную Азию. URL: https://storage.googleapis.com/crng/china-investment-central-asia.html?utm_source=carnegiewebsite&utm_medium=website

[12] Wilder Alejandro, Marin Ekstrom. Sino-Kyrgyz Relations: A (Very) One-sided Relationship. URL: <https://thediplomat.com/2024/04/sino-kyrgyz-relations-a-very-one-sided-relationship/>

[13] Токтомушев К. Внешняя политика независимого Кыргызстана. – Бишкек: Сабыр, 2001. – С. 131.

[14] Совместное кыргызско-китайское коммюнике (21 сентября 2004) // URL: <https://textbooks.lecture.center/uchebnik-mejdunar...>

[15] Belt and Road brings enormous opportunities for Kyrgyzstan, says official // ИА Синьхуа. 05.10.2023. URL: <https://english.news.cn/20231005/39>

dfa8cb1b464d618c085842e31ed671/c.html (дата обращения 07.10.2023).

[16] Чен Южун. Возможности и дополнение друг друга (точка зрения) // Жэньминь жибао URL: <http://world.people.com.cn/n/2014/0911/c1002-25643089.html> (дата обращения 01.06.2023) (на кит. яз.).

[17] Борьба за инвестиции и серый импорт: отношения Кыргызстана и Китая. URL: <https://eurasia.expert/investitsii-i-seryy-import-otnosheniya-kyrgyzstana-i-kitaya/>.

[18] 33 процента прямых инвестиций в Кыргызстан привлекают из Китая. URL: https://24.kg/ekonomika/143108_33protsenta_pryamyih_investitsiy_vkyrgyzstan_privlekayut_izkitaya/.

[19] Omurova J. O. Сотрудничество Кыргызской Республики с Китайской Народной Республикой в рамках проекта ‘Один Пояс - Один Путь’. // Science Journal of Volgograd State University: History - Area Studies - International Relations. – 2019. - 24(5), 236-249.

[20] Азаттык. По территории Кыргызстана пройдут 312 километров. Железнодорожный проект получил благословение трёх президентов. URL: <https://rus.azattyk.org/a/32985298.html>. 10.06.2024

[21] Синьхуа. Главы государств Китая, Кыргызстана и Узбекистана поздравляют с подписанием межправительственного соглашения по железнодорожному проекту. URL: <https://english.news.cn/20240606/bbfe58594fd94831848f74c716fa543e/c.html>. 06.06.2024.

[22] Институт стратегического анализа и прогнозирования. Строительство железной дороги Китай – Кыргызстан – Узбекистан: значение и проблемы реализации. URL: <https://www.isap.center/analytics/144>. 12.06.2024.

[23] «Рост экспорта КР в КНР достиг рекорда». Интервью с послом Актилек Мусаевой. URL: https://www.vb.kg/doc/442882_rost_eksporta_kr_v_knr_dostig_rekorda_intervu_s_poslom_aktilek_mysaevoy.html

[24] Niva Yau. Chinese Soft Power Practice in the Kyrgyz Republic: “Narratives” // OSCE Academy in Bishkek. – 2024.

[25] Эксперты: В Центральной Азии Китай вызывает двойственное чувство восхищения и страха. URL: https://stanradar.com/news/full/21728-eksperty-v-tsentralnoj-azii-kitaj-vyzyvaet-dvojstvennoe-chuvstvo-voshischeniya-i-straha.html?utm_source=chatgpt.com

[26] Арипов Э. «Новая внешняя политика» Узбекистана – ключевой фактор консолидации Центральной Азии, активизации региональной торговли и кооперации. URL: https://nuz.uz/2022/04/28/e-aripov-novaya-vneshnyaya-politika-uzbekistana-klyuchevoy-faktor-konsolidaczii-czentralnoj-azii-aktivizaczii-regionalnoj-torgovli-i-kooperaczii/#utm_source=chatgpt.com

[27] Железная дорога Китай-Кыргызстан-Узбекистан является воплощением регионального сотрудничества. URL: <https://ru.archive.kabar.kg/news/zheleznaia-doroga-kitai-kyrgyzstan-uzbekistan-iavliaetsia-voploshcheniem-regional-nogo-sotrudnichestva-ekspert/>

[28] «Узбекско-китайское сотрудничество – важный фактор устойчивого развития Центральной Азии» URL: <https://uza.uz/ru/posts/>

uzbeksko-kitayskoe-sotrudnichestvo-vazhnyy-faktor-ustoychivogo-razvitiya-centralnoy-azii_483980?utm_source.com

REFERENCES

[1] Ministerstvo yustitsii KR. Kontseptsiya vneshney politiki Kyrgyzskoy Respubliki ot 11 marta 2019 goda [Foreign Policy Concept of the Kyrgyz Republic of March 11, 2019]. – S. 3–4. [in Russ.]

[2] Qyrǵyz Respublikasy Syrtqy İster Ministriliginiń resmı saıty [Official Website of the Ministry of Foreign Affairs of the Kyrgyz Republic]. URL: <https://mfa.gov.kg/ru/dm/posolstvo-kyrgyzskoy-respubliki-v-kitayskoy-narodnoy-respublike/menyu---inostrannoe/--uslugi/politicheskoe-sotrudnichestvo/er> (data obrashcheniya: 09.06.2025). [in Kaz.]

[3] Chinese Premier Meets Kyrgyz President // Official Website of the State Council Information Office of China. 20.05.2023. URL: http://english.scio.gov.cn/topnews/2023-05/20/content_85509566.htm (Accessed 09 June 2025).

[4] Interv'yu Prezidenta Kyrgyzskoy Respubliki S. Zhaparova agentstvu "Sin'khua" [Interview of the President of the Kyrgyz Republic S. Zhaparov to Xinhua News Agency]. URL: http://kg.china-embassy.gov.cn/rus/zjsbw1/202502/t20250204_11548701.htm (data obrashcheniya: 04 February 2025). [in Russ.]

[5] Ūsubaliev E.E., Muratalieva Z.T., Malikov K.K., Moldobaev A.E. "Kitayskiy faktor" vo vneshney politike Kyrgyzstana: dvustoronniy i regional'nyy uroven' [The "Chinese Factor" in Kyrgyzstan's Foreign Policy: Bilateral and Regional Levels]. – Bishkek: Izd-vo KRSU, 2011. – S. 115–124. [in Russ.]

[6] Tazabekov T. Kyrgyzsko-kitayskoye ekonomicheskoye sotrudnichestvo v ramkakh diplomatii Velikogo shelkovogo puti [Kyrgyz-Chinese Economic Cooperation within the Framework of Silk Road Diplomacy]. – S. 14–23. [in Russ.]

[7] Liu Tsyamin', Ryzhov I., Tarasova D. Vzaimodeystvie Kirgizii i Kitaya v ramkakh proekta "Odin poyas, Odin put'" [Cooperation Between Kyrgyzstan and China Within the Framework of the Belt and Road Initiative]. – S. 82–88. [in Russ.]

[8] Soglashenie mezhdru Pravitel'stvom Kitayskoy Narodnoy Respubliki i Pravitel'stvom Kyrgyzskoy Respubliki o pooshchrenii i vzaimnoy zashchite investitsiy [Agreement Between the Governments of China and Kyrgyzstan on the Promotion and Mutual Protection of Investments] // Ministerstvo trgovli KNR [Ministry of Commerce of the PRC]. URL: <http://tfs.mofcom.gov.cn/aarticle/h/at/200212/20021200058387.html> (data obrashcheniya: 31.05.2023). [in Chin.]

[9] Savkovich E.V. Ekonomicheskaya politika Kitaya v postsovetskoy Tsentral'noy Azii (1992–2012 gg.) [China's Economic Policy in Post-Soviet Central Asia (1992–2012)] / Ed. by V.P. Zinov'ev. – Tomsk: Tomskiy gosudarstvennyy universitet, 2012. – 336 s. [in Russ.]

[10] Glyants M. Kitayskaya initsiativa "Odin poyas – odin put'": chto mozhetsya sdelat' "brend" [The Chinese Initiative "One Belt – One Road": What the Brand Can Do] // Problemy postsovetskogo prostranstva – Post-Soviet Issues,

2017, № 4(1), pp. 8–19. – DOI: 10.24975/2313-8920-2017-4-1-8-19. [in Russ.]

[11] Muratalieva N. Lovushka ili pomoshch'. Kak Kitay adaptirovayet dolgovuyu politiku pod Tsentral'nyu Aziyu [Trap or Help: How China Adapts Its Debt Policy to Central Asia]. URL: https://storage.googleapis.com/crng/china-investment-central-asia.html?utm_source=carnegiewebsite&utm_medium=website [in Russ.].

[12] Wilder A., Ekstrom M. Sino-Kyrgyz Relations: A (Very) One-sided Relationship. URL: <https://thediplomat.com/2024/04/sino-kyrgyz-relations-a-very-one-sided-relationship/> [in Engl.].

[13] Toktomushev K. Vneshnyaya politika nezavisimogo Kyrgyzstana [The Foreign Policy of Independent Kyrgyzstan]. – Bishkek: Sabyr, 2001. – 131 p. [in Russ.].

[14] Sovmestnoe kyrgyzsko-kitayskoe kommyunike (21 sentyabrya 2004) [Joint Kyrgyz-Chinese Communiqué (September 21, 2004)]. URL: <https://textbooks.lecture.center/uchebnik-mejdunar...> [in Russ.].

[15] Belt and Road Brings Enormous Opportunities for Kyrgyzstan, Says Official // IA Sin'khua [Xinhua News Agency]. 05.10.2023. URL: <https://english.news.cn/20231005/39dfa8cb1b464d618c085842e31ed671/c.html> (Accessed 07 October 2023).

[16] Chen Yuzhun. Vozmozhnosti i dopolnenie drug druga (tochka zreniya) [Opportunities and Mutual Complementarity (Opinion)] // Zhen'min' Zhibao [People's Daily]. URL: <http://world.people.com.cn/n/2014/0911/c1002-25643089.html> (Accessed 01 June 2023) [in Chin.].

[17] Bor'ba za investitsii i seryy import: otnosheniya Kyrgyzstana i Kitaya [Struggle for Investments and Grey Imports: Kyrgyzstan–China Relations]. URL: <https://eurasia.expert/investitsii-i-seryy-import-otnosheniya-kyrgyzstana-i-kitaya/> [in Russ.].

[18] 33 protsenta pryamykh investitsiy v Kyrgyzstan privlekayut iz Kitaya [33 Percent of Kyrgyzstan's Direct Investment Comes from China]. URL: https://24.kg/ekonomika/143108_33protsenta_pryamyih_investitsiy_vkyrgyzstan_privlekayut_izkitaya/ [in Russ.].

[19] Omurova Zh.O. Sotrudnichestvo Kyrgyzskoy Respubliki s Kitayskoy Narodnoy Respublikoy v ramkakh proekta “Odin poyas – Odin put” [Cooperation of the Kyrgyz Republic with the People's Republic of China within the Belt and Road Initiative] // *Science Journal of Volgograd State University: History – Area Studies – International Relations*, 2019, Vol. 24(5), pp. 236–249. [in Russ.].

[20] Azattyk. Po territorii Kyrgyzstana proydut 312 kilometrov. Zheleznodorozhnyy proyekt poluchil blagoslovenie tryokh prezidentov [312 km Across Kyrgyzstan: Railway Project Approved by Three Presidents]. URL: <https://rus.azattyk.org/a/32985298.html> (Accessed 10 June 2024) [in Russ.].

[21] Sin'khua. Glavy gosudarstv Kitaya, Kyrgyzstana i Uzbekistana pozdravlyayut s podpisaniem mezhpriatel'stvennogo soglasheniya po

zheleznodorozhnomu proektu [Leaders of China, Kyrgyzstan and Uzbekistan Celebrate Signing of Intergovernmental Agreement on Railway Project]. URL: <https://english.news.cn/20240606/bbfe58594fd94831848f74c716fa543e/c.html>. 06.06.2024. [in Russ.]

[22] Institut strategicheskogo analiza i prognozirovaniya. Stroitel'stvo zheleznoi dorogi Kitay – Kyrgyzstan – Uzbekistan: znachenie i problemy realizatsii [Construction of the China–Kyrgyzstan–Uzbekistan Railway: Importance and Implementation Challenges]. URL: <https://www.isap.center/analytics/144>. 12.06.2024. [in Russ.]

[23] Rost eksporta KR v KNR dostig rekorda. Interv'yu s poslom Aktilek Musaevoy [Kyrgyzstan's Exports to China Hit Record High. Interview with Ambassador A. Musaeva]. URL: https://www.vb.kg/doc/442882_rost_eksporta_kr_v_knr_dostig_rekorda_intervu_s_poslom_aktilek_mysaevoy.html [in Russ.]

[24] Yau N. Chinese Soft Power Practice in the Kyrgyz Republic: “Narratives”. OSCE Academy in Bishkek. 2024. [in Engl.]

[25] Eksperty: V Tsentral'noy Azii Kitay vyzyvayet dvoystvennoe chuvstvo voskhishcheniya i strakha [Experts: In Central Asia, China Evokes Mixed Feelings of Admiration and Fear]. URL: https://stanradar.com/news/full/21728-eksperty-v-tsentralnoj-azii-kitaj-vyzyvaet-dvoystvennoe-chuvstvo-voshischeniya-i-straha.html?utm_source=chatgpt.com [in Russ.]

[26] Aripov E. “Novaya vneshnyaya politika” Uzbekistana – klyuchevoy faktor konsolidatsii Tsentral'noy Azii, aktivizatsii regional'noy trgovli i kooperatsii [“New Foreign Policy” of Uzbekistan as a Key Factor in Central Asia's Consolidation and Regional Trade and Cooperation Activation]. URL: https://nuz.uz/2022/04/28/e-aripov-novaya-vneshnyaya-politika-uzbekistana-klyuchevoy-faktor-konsolidaczii-czentralnoj-azii-aktivizaczii-regionalnoj-torgovli-i-kooperaczii/#utm_source=chatgpt.com [in Russ.]

[27] Zheleznaya doroga Kitay–Kyrgyzstan–Uzbekistan yavlyaetsya voploshcheniem regional'nogo sotrudnichestva – ekspert [China–Kyrgyzstan–Uzbekistan Railway is an Embodiment of Regional Cooperation – Expert]. URL: <https://ru.archive.kabar.kg/news/zheleznaia-doroga-kitai-kyrgyzstan-uzbekistan-iavliaetsia-voploshcheniem-regional-nogo-sotrudnichestva-ekspert/> [in Russ.]

[28] Uzbeksco-kitayskoe sotrudnichestvo – vazhnyy faktor ustoychivogo razvitiya Tsentral'noy Azii [Uzbek–Chinese Cooperation as an Important Factor of Sustainable Development in Central Asia]. URL: https://uza.uz/ru/posts/uzbeksco-kitayskoe-sotrudnichestvo-vazhnyy-faktor-ustoychivogo-razvitiya-centralnoj-azii_483980?utm_source.com [in Russ.]

THE ROLE OF CHINA IN THE FOREIGN POLICY OF THE KYRGYZ REPUBLIC

Zhekenov D.K.¹, *Mukhametzhan A.E.²

^{1, *2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. In the foreign policy of the Kyrgyz Republic, China occupies a special place as a neighboring country, as well as an important political and

economic partner. Ensuring security and stability is one of the main priorities of Kyrgyz and Chinese foreign policy. China's initiative to develop the New Silk Road will play an important role in joint actions with Russia, Kazakhstan and Kyrgyzstan. The implementation of the Silk Road Economic Belt strategy will allow Kyrgyzstan to overcome transport isolation, gain direct access to regional and world markets, and significantly increase trade volumes. This gives the country an opportunity to become a major transit hub for transportation of energy resources and goods.

Kyrgyzstan and China act as complementary partners: Kyrgyzstan can supply China with the minerals it needs, such as coal, iron, gold, copper and aluminum, paving the way for large investments in the country's mining industry. China's rapidly growing industrial potential will boost Kyrgyzstan's industrial development by providing the technology needed for its agrarian economy.

Assessing the development directions and level of cooperation between the two countries in various spheres that have developed to date, experts make various forecasts for the future. It is obvious that Kyrgyzstan is taking a greater risk in relations with such a superpower as China. However, it is quite possible that China will become the driver of Kyrgyzstan's development.

The study assessed not only the opportunities for relations between the two countries, but also the risks to the partnership in various areas based on official statistical data from recent years.

Key words: Kyrgyzstan, China, foreign policy, Belt and Road Initiative, SCO, geopolitical relations, economic cooperation, regional security, international partnership

РОЛЬ КИТАЯ ВО ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКЕ КЫРГЫЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ

Жекенов Д.К.¹, *Мухаметжан А.Е.²

^{1,*2} Казахский Национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Аннотация. Во внешней политике КР Китай занимает особое место как соседняя страна, а также важный политический и экономический партнер. Обеспечение безопасности и стабильности является одним из главных приоритетов внешней политики Кыргызстана и Китая. Инициатива Китая по развитию Нового Шелкового пути сыграет важную роль в совместных действиях с Россией, Казахстаном и Кыргызстаном. Реализация стратегии «Экономического пояса Шелкового пути» позволит Кыргызстану преодолеть транспортную изоляцию, получить прямой выход на региональные и мировые рынки, значительно увеличить объемы торговли. Это дает стране возможность стать крупным транзитным узлом по транспортировке энергоресурсов и товаров.

Кыргызстан и Китай выступают в качестве взаимодополняющих партнеров: Кыргызстан может поставлять Китаю необходимые ему полезные ископаемые, такие как уголь, железо, золото, медь и алюминий, что

открывает путь к привлечению крупных инвестиций в горнодобывающую промышленность страны. Быстро растущий промышленный потенциал Китая даст толчок промышленному развитию Кыргызстана, предоставив технологии, необходимые для его аграрной экономики.

Оценивая направления развития и уровень сотрудничества двух стран в различных сферах, сложившиеся на сегодняшний день, эксперты делают различные прогнозы на будущее. Очевидно, что Кыргызстан идет на больший риск в отношениях с такой сверхдержавой, как Китай. Однако вполне возможно, что именно Китай станет драйвером развития Кыргызстана.

В исследовании оценивались не только возможности отношений между двумя странами, но и риски для партнерства в различных сферах на основе официальных статистических данных последних лет.

Ключевые слова: Кыргызстан, Китай, внешняя политика, инициатива «Один пояс, один путь», ШОС, геополитические отношения, экономическое сотрудничество, региональная безопасность, международное партнерство

Авторлар туралы мәлімет:

Жекенов Думан Курмангазиевич – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Халықаралық қатынастар және әлемдік экономика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Мухаметжан Ақбота Ерлікқызы - «8D03105-Халықаралық қатынастар» мамандығының 3-курс докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: mukhametzhan.akbota@gmail.com

Сведение об авторах:

Жекенов Думан Курмангазиевич - PhD, ассоциированный профессор кафедры «Международные отношения и мировая экономика», Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Мухаметжан Ақбота Ерлікқызы - докторант 3 курса по специальности «8D03105-Международные отношения», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: mukhametzhan.akbota@gmail.com

Information about authors:

Zhekenov Duman - PhD, associate professor of the Department of international relations and world economy of the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Mukhametzhan Akbota - 3rd year doctoral student in the specialty “8D03105-International Relations”, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: mukhametzhan.akbota@gmail.com

Received: June 24, 2025

Accepted: September 25, 2025